



Орманова Г.К.

## ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУУДЕРІСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ІС-ЭРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*В статье рассматриваются пути формирования познавательной деятельности у студентов в процессе обучения физике с помощью инновационных технологий.*

*Ways of the development of the shaping of cognitive activity of in the process of teaching physics with the help of innovative technology are considered in the article.*

Оку іс-эрекеті – студенттердің өзін-өзі жетілдіруге, оқытудың субъектісі ретінде өздерін қайта құруға бағытталған іс-эрекеттер белсенділігінін ерекше түрі. Оку эрекеті оқытудың жүйес қалыптастыруши факторы болады. Тек оку іс-эрекеті арқылы ғана студенттерді құбылысты және олардағы өзгерістерді танытуға болады. Оку іс-эрекетінін дамушылық рөлі, міне, осында.

Кез-келген пән бойынша оку тапсырмаларының талдамасында оған ен аз дегенде үш үлкен блок енеді: аналитикалық (фактілерді, құбылыстарды, заттардың жалпы және жеке қасиеттері мен қатынастарын анықтау мақсатында талдау), синтездік (танным объектісінін нақты жеке қасиеттерінен туынтайтын), интеллектуалдық (танным объектісінін құрылым әдіс-тәсілін анықтау). Бұл жерде ойдан жалпыдан жекеге қарай қозғалысы қамтамасыз етіледі: басында студент танным объектісінін жалпы қасиеттері мен қатынасын бөліп алады, содан кейін жекені бөліп алады, оларды сөзбен немесе графикалық түрде модель дейді, осы түрде шешуге болатын жеке есептерді (объектілер, заттар) таңдайды. Осы жолмен студент есептерді шешудің тәсілдерін және жалпы қағидаларын корытады, осы негізде шығарылатын есептер топтарын құрады [1].

Казіргі таңда маманның кәсіби іс-эрекеті оның тек кәсіби құзыреттілігі ғана емес, оның бойындағы шығармашылық мүмкіндік пен стандартты емес ойлауының болуы, сол арқылы кәсіби іс-эрекетінде жаңа аппараттық технологияларды еркін менгереп білуімен де бағаланады. Бұл қасиеттердің болуына, студенттердің кәсіби сапаларын қалыптастыруды физика пәнін менгерудің үлесі зор.

Физика жалпы білім беретін пәндер циклінے жатады. Жалпы білім беретін пәндер циклінің мақсаты – терен де іргелі білімді иеленетін, еңбек қатынастары мен технологиялардың өзгермелі талаптарына бейімдемелі, ынталы, құзіретті, ұжымда жұмыс істей алатын жаңа формация маманың даярлау. Физика сабактарында студенттердің пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін тудырып, оны ылғы дамытып отыру негізгі мақсат екенін есте ұстау керек. Ол үшін оку материалдарын проблемалық, диалогтық тұрғыдан беру, құбылыстарды модельдеу, электрондық оқулықтар мен анимациялық көрсетілімдерді пайдалану, кәсіптік бағдарға негізделген есептер шыгару арқылы студенттердің таннымдық белсенділігін арттырып, таннымдық ойлау қабілеттерін жоғарылату әдісін қолдануға болады.

Мамандарды дайындау сапасын арттыру үшін олардың білім алу мен оны менгеру үдерісін (әсіресе



өзіндік жұмыстағы) дұрыс ұйымдастыру және басқару қажет. Бұл міндеттерді шешуде қазіргі заманғы ғылыми негізделген оқу-әдістемелік құралдарды жасау және оқу үдерісіне ендірудін үлесі зор. Мұндай оқу құралдары ақпараттық, ұйымдастырушылық-қадағалау, басқару қызметтерін атқарады. Студенттің өзіндік жұмысының тиімділігін арттыру үшін оқу құралдарынан басқа бағыттаушы және жетекші рөл атқаратын әдістемелік құралдардың маңызы зор. Мұндай құралдардың мазмұнында оқу материалын менгеру реті, киындық туғызатын тақырыптардың сұрақтарына түсіндірuler, ақпарат көздері, оқу материалын игергенде неге баса назар аудару қажеттігі, шығармашылық сипаттағы тапсырмалар көрсетіледі [2].

Физика пәнін оқытудың аудиториялық формалары білім алушылардың оқулыктармен, әдебиеттермен жұмыс жасауын, топтық тапсырмаларды орындау, қойылған тапсырма көлемінде жекелей аналитикалық әрекеттер жасауын қарастырады, өзіндік жұмыстар тексеріледі. ОБСӨЖ бен СӨЖ тапсырмаларын дайындауда алдында физика пәні бойынша кітапханада қандай оқулықтар мен әдебиеттердің бары анықталып, студенттерді оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету үшін кітап дүкендеріндегі қажетті жаңа оқулықтарға тапсырыс беріледі.

Жоғары білім беру парадигмаларының өзгеруін, СӨЖ-дің үлесінін артуын, студенттін материалдық жағдайының өзгеруін (окудын ақытығы, стипендиянын аздығы, ақылы негізде оқытындардың оқумен қатар қосымша жұмыс істеуге мәжбүр болуы сияқты) ескере отырып оқытушы СӨЖ-ді жетілдіруде студенттің жеке бас ерекшеліктеріне оқытудың мазмұны, әдісі, формасын бейімдеу қағидасын сактауы және оны өзіндік жұмысқа барынша жоғары турде бағыттауы тиіс. Бұл әр студенттің жеке бас ерекшеліктерінің максатты турде дамуына мүмкіндік береді, оларды өзін-өзі дамытуға ұмтылдырады, болашақ мамандардың бойында ұдайы өзін-өзі жетілдіру қажеттігін қалыптастырады. Сондыктан, студенттің орындау мүмкіндігі мен оқу орнының материалдық ресурстарын ескере отырып дайындаған оқытушының оқу-танымдық тапсырмалар жүйесі оларда танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың, әрі оны одан әрі дамытудың басты құралы, әрі өзіндік жұмыстың мазмұны да болып табылады [3].

Оқу үдерісінде оқу-танымдық тапсырмаларын орындау арқылы студент өзін оқыту үдерісінін субъектісі ретінде сезінеді. Себебі, тапсырмалар бойынша теориялық білімді өзі іздейді өздігінен менгереді, практикалық, зертханалық тапсырмаларға, өзіндік бакылау және тест сұрақтарына өз бетінше жауап өзірлейді, деңгейлік сараланған тапсырмалар арқылы шығармашылық-ізденис жұмыстарын жасауды үйренеді. Тапсырмалар мазмұны курстың басынан соынақа карай біртіндеп күрделеніп, оның шығармашылық элементтері арта түседі. Курстары жоғарылаған сайын да орындалатын өзіндік жұмыстың түрлері күрелене түседі. Алғашқы кездегі дәстүрлі реферат қорғау, баяндама өзірлеу және үлгі бойынша орындау, практикалық сипаттағы т.б. тапсырмаларды орындау енді іскер ойындар, диалог, пікірталас, «кейс-стади», «ми штурмы», жоба, телекоммуникациялық жоба сияқты топшен немесе ұжыммен орындалатын түрлерімен қатар студенттің жеке орындаудың аналитикалық шолу, эссе, ғылыми шолу, курстық жұмыс пен жоба сияқты шығармашылық сипаттағы өзіндік жұмыс түрлеріне ұласады. Себебі, курс жоғарылаған сайын студент жаңа оқу ортасына бейімделіп, ашылады, өзін еркін сезінеді, жас және психологиялық тұрғыдан дайын болады.

Физика – қазіргі заманғы техниканың ғылыми негізі. Электроника, автоматика, радиотехника және техниканың басты ақпараттық базалары физиканың сәйкес белімдерінен өрістеп дамыған.

Ғылым мен техниканың (технологиялардың) дамуы физика жетістіктерінін техника мен өндірістін түрлі салаларына терен енүіне экеліп соктырады. Соған орай физика курсын оқыту және оны менгеру қоғамның әрбір мүшесіне қажетті бола түсude. Қазіргі мектептер мен жоғары оқу орындары өміріндегі ескелен талаптар осының көздейді.

Физика пәнін оқытудың басты мақсаты - білім алушыларда физикалық ойды дамытып, физикалық дүниестанымды қалыптастыру, оларды физика ғылымының негіздері мен әдістерімен таныстыру, физиканың принциптері мен занбарын қарапайым, сонымен қатар жалпылама емес физикалық есептерді шығаруға үйрету. Оқыту үдерісінін тәрбиемен ұштасып жатуы керектігі табиғи нәрсе екенін ескеріп, студенттерде табандылық пен еңбек сүйгіштік қасиеттерді дамыту қажет. Ол үшін студенттердің зерделеріне есеп шығару жұмысының шығармашылық үдеріс екендігін, оны іске асыру үшін белгілі бір ақыл-ой енбегінің жұмсалу қажеттігін ескерте отырып, білім алушыларда есеп шығару мәдениетін қалыптастыра білу керек.

Оқу үдерісі белсенді түрде жолға қойылып, студент өз бетінше білім алудың әдістерін менгеруі керек. Бұл мақсатта физикалық процестердің басты, негізгі маңызын анықтай алу жолдары мен әдістері



ұлken роль атқарады. Соңдай-ақ стандартты емес, ерекше, басқаша түрғыдан ойлап, қарастыруды қажет ететін есептерді өз бетінше шығару да физика пәнін оқып білудін бірден-бір тиімді әдісіне жатады. Аталған бағыттарда жұмыс істеу – шығармашылық үдеріс, жеке-дара атқаратын, қызықты ғылыми ізденіс болып табылады, оны есеп шығарудын жалпыға белгілі, әмбебап нұсқауларымен алмастыруға болмайды.

Оқытудын басты шарты – студенттін физика пәніне деген тұрақты танымдылық қызығушылығын қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін мына төмендегі әдістер қолданылады:

- Оқытулатын физикалық құбылыстың ғылымдағы, техникадағы, өмірдегі маңызы жайлыш алдын-ала қызықты әңгімелер айту.
- Физикалық демонстрациялық тәжірибелер көрсету.
- Материалды проблемалық жолдармен беріп, проблемалық жағдайларды қолдану.
- Кәсіптік бағдары бар, немесе өмірлік маңызы айқын физикалық есептерді теріп, қолдану.
- Оқытудын инновациялық (мультимедиялық, ақпараттық, теле-коммуникациялық) әдістерін қолдану.
- Физикада кездесетін кейбір «парадокстарды (қайшылықтар)» ғылыми түрғыдан, қызықты етіп талдау.
- Физика пәні бойынша қарастырылып отырған проблемаларды шешуге атсалысқан ғалымдардың өмірінен мысалдар келтіріп, олардың проблемаға қатысты айтқандары мен жазғандарынан үзінділер оқып беру, олардың қолданған әдістері жайлыш мәліметтер беру.
- Мерзімді басылымдарда физика пәндерге қатысты материалдарға жүйелі шолулар жасап отыру.
- Таңғажайып физика материалдарын қолданып отыру.

Әдістерді таңдау әр оқытушынын жеке ісі, сонымен қатар оқытушынын тәжірибесі мен шеберлігіне, тақырып ерекшелігіне байланысты проблема.

Студенттердін физика пәні бойынша танымдық ойларын, іс-эрекетін дамыту олардың физикаға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырумен тығыз байланысты, әрі бұл екеуі қатар жүретін үдерістер [4].

Студенттердін физика пәніне қызығушылығын тудырып, олардың танымдық іс-эрекетін белсендіру үшін алдын-ала өткізілетін әңгімелерде қарастырылатын құбылысты өмірмен, ғылыми-техникалық прогресспен байланыстыра отырып берген ұтымды болады деп есептейміз. Жалпы физика табиғаттың жалпылама заңдары жайлыш ғылым болғандықтан оны табиғат құбылыстарымен, қолданбалы-техникалық ғылымдардың көріністерімен байланыстыра қарастыру тақырыпка деген тың кезқарас тудырады. Мұндай қарастыруды жоспарлау барысында қазіргі студенттін косымша мәліметтерді көптеген жолдармен ала алу мүмкіндігі бар екенін ескеру қажет. Студент қарастырылғалы отырған тақырып жайлыш теледидар мен радиодан, ғылыми-деректі немесе көркем фильмдерден, кітаптар мен журналдардан немесе интернет арқылы хабардар болуы әбден мүмкін, сондықтан көп жағдайда тақырып студент үшін біршама таныс, жаңағын болып шықпауы ғажап емес. Оқытушы осыған дайын болып, тақырыпқа қатысты жетістіктер мен әлі шешуін күтіп түрған проблемаларды студент үшін әрі түсінікті, әрі қызықты тілмен жеткізе білуі керек. Қарастырылып отырған проблеманы жан-жақты, студент күтпеген басқа қырынан аша біліп, студентке бұрыннан таныс сұраптарды теренірек менгеріп, ғылыми түрғына негізделген түсініктер бере алатын дәрежеге жеткізе білу қажет.

Алынған білімді бекіту мақсатында сабактарда ой-слегінен өткізу арқылы есте сақтауға негізделген репродуктивтік әдіс қолданылады. Ол үшін студент өзіне берілген білімді, тапсырманы оқытушынын бақылауымен әлденеше рет қайта ойластырып отыруы қажет. Бұл әдістін білімді бекітуде алатын орыны ерекше. Бірақ тек қана осы әдіспен шектеліп қалу дұрыс емес. Есте сақтауды дамытуға негізделген бұл әдіс шығармашылық ойды дамытуға көрі әсерін тигізеді.

Оқытудың кредиттік жүйесі жағдайында шығармашылық ойды дамытып, студенттін физика пәніне деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыратын, оқытудың барлық кезеңдерін қамтитын, логикалық жағынан жетік, бірынғай әдістемелік бағдарлама қажет.

Студенттердін танымдық белсенділігін арттыру және шығармашылық ойлаудын дамыту мүмкіндігі тақырыпты бекіту кезінде айқындала түседі. Өйткені оларда негізгі білімнін қоры бар. Ал олардың танымдық белсенділігін артуы – студенттін оқып кеткен белгілі құбылыстың ішінен өз бетінше тағы бір жаңағын таба білуінде және физикалық заңдар мен құбылыстар мазмұны олардың алғаш оқып үйренген білімнен әлдекайда терен, жан-жақты екеніне көз жеткізуінде.

Студенттер физика пәнінін мазмұнын шығармашылық деңгейде менгеру үшін оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын (бейне таспаға жазылған лекцияларды, электронды оку құралдарын,



Интернетті) пайдалана білу өте тиімді деп есептейміз. Осы мақсатта «Электр және магнетизм сұрақ-жауап түрінде» атты компьютерлік бағдарламалық электронды оқулық дайындалды [5].

Біздін ғылыми еңбектерімізде [2,4] тақырыпты проблема қою арқылы баяндаудын студенттердің танымдық іс-әрекетін қалыптастырудың маңызы айтылған. Проблемалық баяндаудың мәнісі – оқытушы студенттерге проблемалық сұрақ қояды, оны өзі шешеді немесе студенттерге шешкізуғе тырысады. Берілген проблеманы шешу үшін оқытушы студенттерге қарама-қайшылықтары сұрақтар қою арқылы студенттердің ойын проблеманы шешудің дұрысы жолына бағыттайды. Тақырыпты проблема қою арқылы баяндаудын дайын шешімді көрнекі құралдар арқылы баяндайтын ақпараттық баяндаудан ерекшелігі студенттердің танымдық ойлаудың дамытады. Проблема қою арқылы баяндауда студенттер білімді іздеу әдістеріне катастырылады, ғылыми ізденіс атмосферасына енеді және өздерін ғылыми жаңаңық ашқандай сезінеді. Физика пөнін оқыту тақырыптарды осылай ашуға үлкен мүмкіндіктер береді..

Проблемалық баяндау үшін тақырыпты таңдаған кезде онын әлемді танудағы мәнін ескеру керек. Студенттерді ғылыми таным әдістерінің сұрақтарымен таныстыра отырып, оларды табиғаттың құпияларына, іргелі теориялар мен іргелі физикалық эксперименттердің дүниеге келуінін құпияларына біртіндең енүіне мүмкіндіктер жасайды. Соңықтан, тақырыпты проблема қою арқылы баяндау үлкен педагогикалық нәтиже береді деп есептейміз.

Сабакты проблеманы студенттердің алған білімдері арқылы шеше алмайтын сұрақтар қою арқылы аяқтауға да болады. Онда студенттер келесі физика сабактарын асыға күтетін болады.

#### Әдебиеттер:

- 1 Абылқасымова А.Е. Познавательная самостоятельность в учебной деятельности студента / Учебное пособие. – Алматы: Санат, 1998. – 160 с.
- 2 Орманова Г.К., Қабылбеков К.А. Формирование и повышение устойчивого интереса студентов к физике путем проблемного изложения материала и использования профессионально ориентированных задач // Высшая школа Казахстана, Алматы, 2007. №2. – С. 170-175
- 3 Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өзіндік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: автореф. ... канд.пед.наук. – Астана, 2007.
- 4 Орманова Г.К. Практика использования проблемного изложения материала для активации познавательного интереса студентов к физике // Научные труды ЮКГУ им. М.О.Ауезова, Шымкент, 2006.
- 5 Қабылбеков К. А., Орманова Г.К. және т.б., «Электр және магнетизм сұрақ-жауап түрінде». Компьютерлік бағдарламалық-электронды оқулық. Мемлекеттік тіркелу қуәлігі № 262 от 23.05.07. Ком. И.С.